

## 1996 жылға арналған бюджет жобасын қалыптастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 12 қыркүйек N 349-ө

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен мынадай мәселелерді пысықтап, бұларды 1996 жылға арналған бюджет жобасын қалыптастыру кезінде ескеретін болсын:

қолданылып жүрген салық заңдарының бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға санкциялар қолдануға, бюджетке төленетін төлемдер бойынша мерзімін ұзартуға рұқсат берудің тәртібіне, автомобиль жолдарын ұстау мен дамытуға қаражат алуға, Қазақстан Республикасының кепіліне берілген кредиттер бойынша сатып алынған импортталатын тауарларға жеңілдіктер беруге және басқаларға қатысты бөлігіне қажетті өзгертулер енгізу туралы;

кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында бірін-бірі қайталайтын мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жою, денсаулық сақтау мекемелерінің тегін қызмет көрсетуінің нормативтерін белгілеу туралы;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің қарулы күштерінің, Шекара әскерлерінің, Ішкі істер министрлігінің, Республика ұланының санын қысқарту туралы.  
<\*>

Ескерту. 1-тармақтың 3 абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің  
1996.01.09. N 31 қаулысымен. P960031\_

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге бюджеттік ұйымдарға еңбекақы төлеу қорына бюджеттік саладағы мекемелер мен ұйымдарға арналған іссапар шығыстары бойынша нормативтер енгізу мәселелерін пысықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қаржы министрлігіне:

әлеуметтік-экономикалық дамудың тұтастай республика, облыстар, Алматы және Ленинск қалалары бойынша 1996 жылға болжамының негізгі көрсеткіштерін;

бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын көлемі мен қаржыландыру көздері қоса көрсетілген нысаналы бағдарламалардың тізбесін;

тұтастай республика бойынша, облыстар мен Алматы және Ленинск қалалары бойынша жиынтық қаржы балансының жобасын;

республиканың төлем жасау балансының 1996 жылға арналған болжамын ұсынатын болсын.

4. Ұлттық Банкке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мыналарды:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1996 жылы Үкіметке беретін кредиттік ресурстары көлемінің, бюджетке беретін ақша массасының, кері қаржыландырудың проценттік ставкасының, пайдасының (кірісінің) болжамын беру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлегенде шетелдік кредиттер бойынша берешектері республикалық бюджет қаражаты есебінен өтелген кәсіпорындардың мүлкін сатудан түскен қаражатты ескеретін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жаппай жекешелендіруге және жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жататын мемлекеттік объектілердің 1996 жылға арналған нақтыланған тізбесін, акциялардың мемлекеттік пакетінің құнын бағалаумен жеке-жеке; республика бюджетіне 1996 жылы қаражат түсуінің болжамын; мемлекеттік активтерді (мүлікті жалға беру, акциялардың мемлекеттік пакеттері бойынша дивидендтер және басқалары) пайдаланудан 1996 жылы келетін кірістің болжамын ұсынатын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жергілікті әкімдердің өмірлік мұрагерлік иелену құқығын, жер учаскелерін пайдалану құқығы мен жалға алу құқықтарын сатуынан түсетін түсімдердің 1996 жылға арналған болжамын беретін болсын.

8. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігіне Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры шығыстарының 1996 жылға арналған болжамын ұсынатын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ жергілікті әкімдерге 1996 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеуге көрсеткіштер тізбелері бойынша қажетті статистикалық ақпарат беріп отырсын.

10. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне шетел қарыздары бойынша 1996 жылға арналған болжамын республика кәсіпорындарына Үкімет кепілдігімен берілген қарыздар, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бюджет тапшылығын қаржыландыруға берілген займдар, сондай-ақ шетел қарыздарының тауарлық құраластары бойынша бөле отырып беретін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының үкіметі мен шетелдік мұнай компаниялары арасындағы келісімдер бойынша роялтилер мен бонустар көлемінің 1996 жылға арналған болжамын ұсынатын болсын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылдың 10 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне республиканың 1996 жылға арналған бюджетінің жобасы бойынша бастапқы материалдарды және 1995 жылдың 5 қарашасына қарай 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің нақтыланған жобасын ұсынатын болсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мемлекеттік қаржы статистикасының нормаларына сәйкес әзірленген және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген 1996 жылғы Қазақстан Республикасының бюджеттік жіктемесін ұсынатын болсын.

13. Министрліктер мен ведомстволар жоғарыда аталған материалдарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 15 күн ішінде береді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр